



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Зигмунд Фрейд
«Топтық психология және эго талдау»



Біз психоанализдың негізін қалаушы Зигмунд Фрейдтің 1921 жылы жазған «Топтық психология және адамның эгосын талдау» атты маңызды жұмысын талқылайтын боламыз. Біз бұл автордың туындаған идеялары мен еңбегінің жарық көруіне орасан зор әсер еткен басқа да ұлы жазушылардың еңбектерін де талқылаймыз. Сондай-ақ Фрейдтің көзқарасының оған дейінгі осы сала жазушыларының пайымдауларынан айырмашылығы неде екендігі туралы мәселелерді де қарастырамыз.

Джулия Ривкин мен Майкл Райан «Әдебиет теориясы» атты антологияның кіріспе бөлімінде былай деп жазады: «1921 жылы жазылған бұл эсседе З. Фрейд әлеуметтік психология мен жеке психологияны талқылап, оларға әлеуметтану ғылымы арқылы психоанализ жасайды. Сонымен қатар, сәйкестендіру феноменін психоанализ үшін маңызды тұжырымдама екенін дәлелдейді».

Баланың әлеуметтік орта жағдайында асырап алушылар мен басқа адамдардың көзқарасын қабылдай алу қабілеті объективті қарым-қатынастың теориясы негізінде жатыр. Ол өзінің мінез-құлқын басқалармен әлеуметтік қарым-қатынас арқылы қалыптастырады. Ересек жеке тұлғалықты қалыптастырудың бірден бір жолы әкесімен немесе анасымен біркелкі болуы немесе оларға ұқсауға талпыну болып есептеледі. Бұл тұрғыда, Фрейдтің жұмыстарына назар аударамыз. Ғалым өз жұмысының басында оның «Топтық психология және адамның эгосын талдау» атты жұмысына негіз болған ғалымдар мен еңбектерді атап өтеді.

Фрейдтің әлеуметтік психологиядағы ізашарлары: Гюстав Лебон және т.б. ғалымдар туралы айта кетейік.

XX ғасыр ғылымында топтық мінез-құлық психологиясы мен мәселелеріне бағытталған еңбектерді жазған және зерттеген авторлардың әлеуметтік теорияларына деген қызығушылық артты. Фрейдтің «Топтық психология және эго талдау» атты еңбегі сол кезеңдегі топтық психология саласында, басымдылық танытқан еңбектерді, жүйелі сараптауға бағытталған талпыныс болып табылады. Бұл сараптамаға Гюстав Лебонның және Мак Дауголланың идеялары да кіреді.

Бірінші кезең әдетте, Г. Лебонның, «Халықтар психологиясы», Мак Дауголланың «Әлеуметтік мінез-құлық теориясы» және Вундтың басылымдары негізінде пайда болған әлеуметтік-психологиялық теориялардың пайда болу кезеңі болып есептеледі. Әлбетте, Зигмунд Фрейд атап көрсеткен авторлардың кезеңінде әлеуметтік психология ең алдымен еуропалық әлеуметтік және психологиялық ой-өрістердің дәстүрлері негізінде дамиды және оның ерекшеліктерін көрсетеді.

Француз психологы, әлеуметтанушы және антропологи Гюстав Лебон «топтық психология» тақырыбын зерттеуді бастаған ең алғашқы ғалымдардың бірі болып есептеледі. Дегенмен қазіргі көзқараспен қарағанда, оның еңбектерін терең ғылыми деп айту қиын. Себебі онда арнайы ғылыми әдіс пен өлшемдер қолданылмаған. Олар тек сипаттамаға негізделген және автордың өз бақылаулары бойынша ғана жазылған.

Гюстав Лебонның ойынша, зерттеу барысындағы басты мәселе, жеке адам мен топ арасындағы қарым-қатынас болып саналады. Лебон теориялық негізде «топтық эра» кезеңінің пайда болуын дәлелдеуге және оны мәдениеттің құлдырауымен байланыстыруға тырысқан алғашқы психологтардың бірі. Ол өзінің классикалық «Топтық психология» атты еңбегінде жеке адамдар топ ішінде өзінің ерекше жеке тұлғалық қасиеттерін қалай жоғалтатынын және өздеріне тән емес, жаңа қасиеттерге ие болатынын сипаттайды. Оның пікірінше, адамдардың көпшілігінің ерік жігерінің дамымауы және зияткерлік деңгейі төмендеуінің себебі – әсіресе адамдардың топтық ортаға түсуі кезінде пайда болатын оларды бейсаналы түйсіктердің басқаруы. Осы жерде интеллекттің төмендеуі, жауапкершіліктің азаюы, жеке тұлғалық қасиеттердің жоғалуы, өзгелерге тәуелділік сияқты мәселелер туындайды. Француз психологы топ мінез-құлқы принциптерінің негізгі және қарапайым қағидаларын сипаттайды.

Лебон топты құбылыс ретінде өте шебер түрде зерттеді: олардың қасиеттерін сипаттады, топтардың негізгі түрлерін жіктеді және осы нақты әлеуметтік объектіні сипаттайтын себеп-салдарлық қатынастарды талдады.

Фрейд кең көлемде Лебонның пайымдауларына сілтеме жасайды. Фрейд: «Топтарда, Лебонның пікірінше жеке жетістіктер жоғалады, сол себепті жеке тұлғалардың өзіндік ерекшелігі де жоғалады. Нәсілдік бейсаналық алдыңғы қатарға шығып, гомогенді гетерогендінің негізіне енеді», – дейді.



Топтарды ортақ сезімдерімен, талпыныстарымен және ортақ көңіл күйлерімен біріккен адамдардың тобы ретінде сипаттай келе Лебон әлеуметтанушы ретінде оларды ерекшелендіретін қасиеттерін атап көрсетеді. Олар:

- Жалпы идеялардың берілмейтіндігі;
- Өзін-өзі сендіруге деген бейімділік;
- Инстинктіге жол беру;
- Жеңімпаздық сезімі;
- Жауапкершілікті жоғалту;
- Сабырсыздық;
- Ұсыныстарға сезімталдықпен қарау;
- Импульсивті әрекетке бейімділік;
- Көшбасшы болуға деген ынта-ықылас;
- Әрекеттерді таразылауға деген қабілетсіздік және т.б.

Лебонның ойынша халықтар барлық жетістіктері үшін өз көшбасшыларына, әлеуметтік қоғам өкілдеріне қарыздар. Топ жетекшілері немесе көшбасшылары түрлі жағдаяттарды құрады, олар топ арасында өз идеяларын сендіру, шешендік өнері, сөз шеберлігі, тіл байлығы, қайталанымдар және өз харизмасы арқылы қалыптастырады, ал топтағы адамдар ақылмен емес, эмоциямен басқарылады. Осының әсерінен топта адам қарабайыр, экстремалды эмоционалдық және анайы импульстар мен толқуларға берілгіш адамға айналады.

Енді Зигмунд Фрейдтің «Топтық психология және адам эгосын талдау» атты еңбегінен алынған мысалдарға тоқталайық.

Ең алдымен, Фрейдтің бұл еңбегіндегі «Мен/ яғни эго» сөзінің мағынасын анықтап алайық. «Мен/Эго» дегенді З. Фрейд ерекше психикалық инстанция, сонымен қатар, жалпы жеке тұлға деп түсіндірді. Ол «эго» түсінігін адамның психикасының динамикалық өсуін сипаттауда қолданды. Оның ойынша, «эго» сыртқы өмір мен адамның ішкі жан дүниесін байланыстырушы қызметін атқарады.

Фрейд өзінің бұл жұмысында физиологияның жаңа ашылуларына арқа сүйейді: «Біз әртүрлі жолмен жеке адамға өзінің жеке мінез-құлқына және әдеттеріне мүлдем қайшы келетін әрекеттерді басқаның бұйрығы бойынша жасата отырып, оны басқа күйге ауыстыруға болатынын білеміз. Тәжірибелік зерттеулер көрсеткендей Жеке тұлға, әрекет етуші топтың ортасында біраз уақыт болғаннан соң, сол топтан келетін әсерлер негізінде немесе басқа да себептермен, нақты белгісіз, субъектінің белгілі бір гипноздалған кейіпіне түседі», – дейді Фрейд.

«Барлық төтенше жағдайларға бейім масса тек шамадан тыс тітіркендіргіштер арқылы ғана әсерленеді. Мұндай топтарға әсер еткісі келетін тұлғалар өз аргументтерінің логикалық бағамын қажет етпейді, бастысы адамдарға жарқын нәтижелерді уәде етіп және асыра сілтеп қайталай беруі. Масса өз аргументтерінің шынайылығы немесе жалғандығына мән беріп, күмәнданбайды және өз күшіне сене отырып, ол беделді тұлғаларға сенгіш және сабырсыз болып табылады.

Олар күш пен билікті құрметтейді және өзі әлсіздік ретінде қабылдайтын мейірімділіктің ықпалына аса беріле бермейді. Олар өз көшбасшыларынан күшті билікті, тіпті зорлық-зомбылықты талап етеді. Олар өз көшбасшыларынан қорыққысы келеді», – деп жазады Фрейд еңбегінде.

Индивид – топтық қоғамның қалыптасуы мен қызмет етуінің психологиялық негіздері. Ол Фрейдтің либидо теориясымен түсіндіріледі. Либидоға негізделген эмоциональдық қарым-қатынастар топтық ортаның негізі болып табылады. Фрейд шіркеулер мен әскерді мысал ретінде алады. Бұл жасанды топтар. Жеке тұлға өз идеалдарын топтық идеалдармен алмастырады. Адамдар өз эголарын біркелкі бағыттандырады. Лебонның ойын жақтай отырып, Фрейд топтық ортада әлеуметтік-психологиялық механизмдер оянады деп бекітеді. Сол себепті, көшбасшының үлкен топты басқаруы үшін оның ерекше қасиеттерге ие болуы, адамдарға әсер ете алатын күші және либидо еркіндігі болуы керек.

Әлеуметтік қозғалыстар психоанализ бойынша түсіндіріледі. Фрейд жеке психикалық деңгейді әлеуметтік құбылыстардың құрылымдық және динамикалық аспектілерімен байла-



ныстыруға тырысады. Жеке адам психологиясы, сонымен қоса, топтардың психологиясы болып табылады. Топтық психология адамдарды қоғам мүшесі ретінде қарастырады.

Жеке тұлға дегеніміз – топтық қоғамдардың қалыптасуы мен қызмет етуінің психологиялық негіздері және ол Фрейдтің либидо теориясымен түсіндіріледі. Либидо – латын тілінен аударғанда құмарлық, тілек, ұмтылыс дегенді білдіретін Фрейд енгізген психоанализдің негізгі ұғымдарының бірі болып табылады. Ол жыныстық құмарлық немесе истинкті білдіреді.

Бұл ұғым Фрейдтің өзі мен басқа да психоаналитиктердің әртүрлі жыныстық құмарлықты сипаттағанда жиі қолданылды. Либидо ұғымының мағынасы бастапқы еңбектерден соңғы еңбектерге дейін айтарлықтай өзгерді. Фрейдтің кейінгі жұмыстарында либидо ұғымы психиканың әртүрлі үлгілеріне инвестиция жасай алатын психикалық энергия түрінде қарастырылған.

Лейбин қазіргі өмірден мынадай мысал келтіреді: Адамнан туындайтын күш пен оның еркіндік сезімін қалыптастыру, басқа адамдардан бірден жауап табу және күшті көшбасшының қажеттілігін тудыру үшін жеткілікті. Бұл тұрғыдан Жириновский үлгі бола алады. Ол өзін-өзі сенімді адам ретінде көрсетеді және ол өзін күшті және әлсіз жыныс өкілдерінің, сансыз бейсаналығының тереңдігінен қолдау таба алатын сексуалды адам ретінде бейнелейді.

Либидоға негізделген эмоционалды қатынастар массалық рухтың негізі болып табылады.

3. Фрейдтің тағы бір маңызды ұғымы «Сәйкестендіру» туралы айтайық.

Сәйкестендіру түсінігі ғылымға З. Фрейд арқылы енді. Ол бұл түсінікті психопатологиялық процестерді түсіндіру принципі ретінде қолданды.

Ол сәйкестендіруді – субъектінің құштарлық негізінде өзін басқа индивидке теңестіретін бейсаналы процесс ретінде түсінді.

Фрейд сәйкестендіру ұғымын адам механизмін түсінудегі негіз деп түсінген. Сонымен қоса ол сәйкестендіру ұғымын тағы бір мағынада қолданған, ол бойынша сәйкестендіру топтың құрылуының негізгі себебі болып табылады. Топ қалай құрылады? Фрейд ғашықтық сезімі мен сәйкестендіру арасында аналогия жүргізеді. Ғашықтық – жеке эгоның дамуы мен өзге объекттің қасиеттерін ұғынумен сипатталады. Фрейд топтың құрылу формуласын жасады. Ол туралы Фрейд: «өз «Эгосының», идеалының орнына бір объектіні қойып, сонымен қатар, өз «Эгосында» өзара сәйкестендірілетін индивидтер қатары», – дейді.

Фрейд шіркеулер мен әскерді мысал ретінде алады. Бұл жасанды топтар. Жеке тұлға өз идеалдарын, топтық идеалдармен алмастырады. Адамдар өз эголарын біркелкі бағыттандырады. Фрейд топтық ортада әлеуметтік-психологиялық механизмдер оянады деп бекітеді.

Діни қызметкер, адам еркіндігінің басшысы болып саналады. Сол себепті, көшбасшы үлкен топты басқару үшін ерекше қасиеттерге ие, адамдарға әсер ете алтын күші және либидо еркіндігі болу керек.

Лебонның айтуы бойынша адамның психикасы биологиялық түрде анықталған және адам топтарының арасындағы айырмашылық – ұлттар мен нәсілдер арасындағы теңсіздікке байланысты туындайды. Сол себепті, олардың рухани қабілеттері де әртүрлі. Бұл Лебонның, тарих – нәсілдердің мәдени үстемдігіндегі прогресс деп айтуына мүмкіндік береді. Революцияның қозғаушы күші, көптің эмоциональды көңіл күйі мен жоюға және қаһармандылыққа деген қабілетінен туындаған, прогрестің соңынан ерген топтар болып табылады.

Фрейд 1921 жылы жазылған «Топтық психология және адамның эгосын талдау» кітабында, адам психикалық өмірінде әрдайым басқа бір жанның бар екенін айтады. Ол басқа жан әртүрлі қызметтерді атқарады және бірінші кезекте Фрейдте басқа жанның үлгісі, прототипі бар. Үшіншіден, бұл сыртқы қабат: Мен – сыртқы көріністің өзі бейнеленген проекциямын. Лакан Фрейдтің бұл идеяларын ары қарай дамытқан.

Қорыта айтқанда, Әлеуметтік қозғалыстар психоанализ бойынша түсіндіріледі. Фрейд жеке психикалық деңгейді әлеуметтік құбылыстардың құрылымдық және динамикалық аспектілерімен байланыстыруға тырысады. Жеке адам психологиясы сонымен қоса, топтардың психологиясы болып табылады; Топтық психология адамдарды қоғам мүшесі ретінде қарастырады.



Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. 3. Фрейдтің ізашарларының еңбектерінде қандай қараңғы аспектілер кездестіруге болады?
2. Фрейд әлеуметтік қозғалыстарды түсіндіруге психоанализді қалай қолданады?
3. Фрейдтің топтық психологиясының адам мінез-құлқындағы көрінісін түсіндіріңіз.
4. Фрейдтің «Басқа жан» идеясын түсіндіріңіз.
5. Фрейд топтарда пайда болатын қандай әлеуметтік-психологиялық әсерлерге тоқталады?
6. Қандай топтарға мысалдар келтіреді және олардың айырмашылықтары қандай?
7. Топтардың құрылу механизмі қандай?
8. Фрейдтің ойынша, адамдар көшбасшыға және топқа неліктен тәуелді?